

Бастауыш сыныптар арасында өткен **«Бастауышым бастамам, Білімге жол бастаған»** тақырыбында өткен онкүндіктің қорытынды есебі.

2024 жылғы 28.02-07.03 арлығында бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің онкүндігі өткізілді. Онкүндік оқушылар жұмыс ұйымдастырудың рухани жаңғырту аясында ұйымдастырылып өз деңгейінде өткізілді.

Мақсаты:

- Бастауыш сынып оқушыларының алған білімдерін тиянақтау, жетістіктерімен бөлісу, жаңалықтармен алмасу;
- Оқушыларды бір ұжыммен жұмыс істеуге баулу;
- Білімдерін одан әрі жетілдіруге дамыту;
- Тарихи ұлы тұлғалардың ерліктерін насихаттау арқылы отансүйгіш болуға бағыттау.

Оқу үрдісін жетілдірумен қатар баланың шығармашылық , жас және жеке ерекшеліктерін ескере отыра, рухани –адамгершілік ,эмоционалдық және дене дамуын қамтамасыз ету керек. Сол себепті де бастауыш сынып мұғалімдері апталық жоспарын құра отырып келесі міндеттерді қойды:

-оқушының оқуға деген оң мотивациясын қалыптастыру.

-сабақ және сыныптан тыс шараларды қызықты өткізу формаларын қолдана отырып, барлық балаларды оқу және тәрбие үрдісіне тарту.

Өткізу принциптері:

- Әрбір бала апталақтың барлық шараларына белсене қатысушысы болып табылу керек.
- Әрбір өткізілген іс –шара ,ашық сабақ, тәрбие сағаттары белгіленген мерзімде өткізілсін .Өткізілген іс-шаралар сынып жетекшісінің жауапкершілігіне міндеттелсін.

Апталық мынандай жоспарда құрылды:

1. 28 –ақпан. **«Бастауышым бастамам, Білімге жол бастаған»** тақырыбында апталықтың ашылуы .
2. 29-ақпан **«Кім тапқыр»** ойыны 1-4 сыныптар арасында логикалық бағытта жүргізілді.
3. 1-наурыз Карта-табата атты **«Лидер бала»** атты ойыны 1-4 сынып оқушыларымен ойнатылды.
4. 4-наурыз **«Крестик, Нолик»** ойыны бастауыш сынып оқушыларымен ойнатылды.
5. 5 -наурыз **«Қима әріптерден сөз құра»** 1-4 сыныптар үшін
6. 6- наурыз **«????????№№№№»** 1-4 сыныптар үшін
7. 7-наурыз Апталықтың жабылуы .апталық қорытындысы бойынша оқушыларды марапаттау.

Апталық бойынша өтуге тиіс сабақ жоспарлары төмендегідей:



Күні	Сыныбы	Пәні	Сағат	Тақырыбы	Өткізген
04.03	3 «Ә»	Математика	14:00-14:45	«Разрядтан екі рет аттап өту арқылы жазбаша көбейту және бөлу»	Ашуова Н.К
04.03.	2 «А»	Математика	14:50-15:35	«Көбейту мен бөлудің белгісіз компоненттерін табуға берілген есептер»	Сандибекова К.С
04.03	3 «А»	Математика	15:40-16:25	«Разрядтан бір рет аттап өту арқылы көбейту және бөлу»	Канафина А.С
05.03	1 «А»	Анатілі	8:50-9:35	«Сөйлем. Наубайхана»	Жылқышина М.Ж
05.03	1 «Ә»	Ана тілі	9:40-10:25	«Сөйлем. Нанды қадірлейік!»	Жолбарысова А.Б
05.03	4 «А»	Математика	14:00-14:45	«122-сабақ. Қорытындылау»	Италмасова А.З
05.03	МДС	Сөйлеуді дамыту	10:30-11:00	«Нан қайдан келеді?»	Бөлекбаева Ф.Қ
06.03	ШО	Таным	11:00-11:15	«Геометриялық пішіндер»	Башеева Л.Т
06.03	4 «Ә»	Қазақ тілі	14:50-15:35	«Етістіктің жіктелуі»	Досымова К.Б
06.03	2 «Ә»	Қазақ тілі	15:40-16:25	«Дара және күрделі зат есім»	Калиева А.М
06.03	МДС		15:30-16:00	«Үй жануарлары. Төрт түлік»	Сейдина А.Б
06.03	ШО	Көркем әдебиет	16:30-17:00	«Үй жануарлары. Төрт түлік»	Батырбекова А.Н

Сонымен қатар барлық сыныптарда ашық сабақтар өткізілді. Барлық өткізілген ашық сабақтарда, тәрбие сағаттарында бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімдері белсене ат салысты. Апталықтың ашылу барысында көптеген іс-шаралар жүзеге асты. Әр мұғалім өзіне берілген жоспар негізінде жұмыс жүргізе отырып оқушыларды рухани байыта отырып жүргізді.

Апталықтың ашылу барысында бастауыш сынып оқушылары тақпақ, ән айтып, түрлі ойындар арқылы білімділіктері мен ой ұшқырлықтарын көрсете білді.



«Бастауышым бастамам, білімге жол бастаған!» атты бастауыш пән бірлестігі апталығы барысында білімалушылардың қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруда жүргізілген ойындар

Мақсаты: Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттырып, білім мен біліктерін, логикалық ойлау дағдыларын дамыту.

Білім мен біліктілігін арттыру мақсатында «Кім тапқыр» ойыны ойнатылды. Ойын ережесі бойынша оқушыларға логикалық сұрақтар берілді. Оқушылар жылдам, әр дұрыс жауап бере отырып, арнайы сыйлықтар ұтып алды.



Ал, математика сабағына деген қызығушылықтарын арттыруда Карта-табата атты «Лидер бала» атты ойыны ойнатылды. Бұл ойынды ойната отырып математика сабағы бойынша жылдам есептеу дағдысын дамытуға арналған екі таңбалы сандарды қосу мен азайту, теңдеулер және көбейту мен бөлу кестесіне байланысты тапсырмаларды жылдам орындау арқылы карт ойынының жеңімпазын анықтап, пән бойынша алғыр оқшылар анықталып мадақталды.



Білімалушылардың қызығушылығын арттырып, логикалық ойлау дағдасын дамыту барысында «Крестик нолик» ойынын ойнатылды. Мектеп оқушыларының қызығып ойнайтын ойынында кей тапқыр ойыншыларымыз сіз бен біз білмейтін айла-тәсілдерді пайдалынып алғырлық танытты.



Оқушылардың белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру барысында ойынды бастауыш сынып мұғалімдері Ашуова Н.К мен Калиева А.М жүргізді.

Апталық барысында оқушылармен үзіліс арасында бос уақыттарын тиімді пайдалануға дағдыландыру мақсатында «Қима әріптерден сөз құра» ойыны ойнатылды. Ойынның мақсаты: оқушылардың шапшандығын арттырып, жылдам ойлауға, сөздік қорын дамытуға дағдыландырып, ой ұшқырлығын арттыру.



Ойын ұйымдастырушылар: Башеева Л.Т
Жылқышина М.Ж

Осы жоспар негізінде барлық сыныптарда ашық сабақтар өткізілді. Барлық сыныптарда мұғалімдер сабақтарын жоғарғы деңгейде өткізді.



7 - наурыз күні апталықтың жабылу салтанатты жиыны өтті. Апталықтың жабылу салтанатын әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Досымова Камшат Балкенқызы жүргізді.



Апталық кезінде өткен ашық сабақтарға белсенді қатысқан білімалушылар мен танымдық бағытта жүргізілген ойындарға белсене қатысып өздерін жан-жақты білім, білік дағдылары мен ой ұшқырлығын көрсеткен үздік ойыншалар марапатталып, апталық қорытындыланды. Бұл апталықта бастауыш сынып мұғалімдері цифрлық білім беру технологиялары мен оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдана білді, оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттырды, өз шығармашылықтарын шыңдап, педагогикалық шеберліктерін көрсете білді. Оқушылар пән бойынша жақсы білім көрсеткіштерін көрсетті және білімдерін шыңдады. Бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің ерінбей еткен еңбегі, өзара ынтымақтастықпен жұмыс істеуі арқасында келген жетістік деп ойлаймы

Әдістемелік бірлестік жетекшісі :

Досымова К.Б.